«ҚОНАҚПЕН ҚАРЫМ ҚАТЫНАС СЕРВИС МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ КӘСІБИ ЭТИКА» АТТЫ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ АШЫҚ САБАҚ ЕСЕБІ

Жас ғалымдар кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған іс-шара жоспарына сәйкес, қонақжайлылық индустриясындағы кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту, оқытушылар мен студенттердің сервис саласындағы әдеп нормалары мен кәсіби этика қағидалары туралы білімін жетілдіру мақсатында «Қонақпен қарым-қатынас: сервис мәдениеті және кәсіби этика» атты ғылыми-танымдық ашық сабақ өткізілді.

Өткізілген күні: 22 қазан 2026 жыл

Өткізілген орны: Д. Исабеков залы

Іс-шара ұйымдастырушысы: Жас ғалымдар кеңесі

Іс-шараның мақсаты – студенттерге қонақжайлылық индустриясындағы қонақпен тиімді қарым-қатынас жасаудың маңыздылығын түсіндіру, сервис мәдениеті мен кәсіби этиканың негізгі қағидаларын меңгерту, қонақтармен қарым-қатынас барысында әдептілік, сыпайылық, жауапкершілік және кәсіби шеберлік дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ қызмет көрсету сапасын арттырудағы кәсіби этиканың рөлін түсіндіру болды.

Ғылыми-танымдық кездесуге университеттің жас ғалымдары, оқытушылары мен білім алушылары қатысты. Сонымен қатар іс-шараның қонақтары ретінде **Халықаралық Туризм және Меймандостық Университетінің оқытушылары Баймағамбетов Сабит, Жақсыбек Арайлым және Агниязов Биржан мырза** шақырылды.

Сабақ барысында студенттерге қонақжайлылық индустриясындағы қонақпен қарым-қатынас жасаудың ерекшеліктері, сервис мәдениетінің негізгі қағидалары, кәсіби этика нормалары және сапалы қызмет көрсетудің маңыздылығы туралы мазмұнды ақпараттар ұсынылды.

Ашық сабақтың негізгі ерекшелігі – теориялық білімді практикалық жағдаяттармен ұштастыру болды. Сабақ барысында студенттер қонақтарды қарсы алу, олармен сыпайы қарым-қатынас орнату, сұраныстарын дұрыс түсіну, шағымдар мен келіспеушіліктерді кәсіби тұрғыда шешу жолдарын қарастырды. Сонымен қатар қонақжайлылық саласындағы маманның сөйлеу әдебі, сыртқы келбеті, мінез-құлқы және жауапкершілігіне қатысты мәселелер талқыланды.

Сабақ барысында студенттерге қонақтармен қарым-қатынас жасау кезінде кездесетін түрлі кәсіби жағдаяттар ұсынылып, оларды шешу жолдары бойынша тапсырмалар орындалды. Студенттер нақты мысалдар негізінде қызмет көрсету сапасына әсер ететін факторларды анықтап, әртүрлі жағдайларда маманның қалай әрекет етуі керектігі туралы өз пікірлерін білдірді.

Топтық жұмыстар барысында білім алушылар қонақтармен тиімді коммуникация орнату, келушілердің сұраныстары мен қажеттіліктерін ескеру, конфликтілік жағдайларды басқару және қызмет көрсету барысында кәсіби

этиканы сақтау мәселелерін талдады. Әр топ өз тапсырмалары бойынша тұжырымдарын ұсынып, тақырып аясында пікір алмасты.

Сабақ барысында білім алушылар тарапынан белсенділік танытылып, тақырыпқа қатысты сұрақтар қойылып, ашық пікір алмасу ұйымдастырылды. Студенттер сервис мәдениетінің қонақтардың қанағаттану деңгейіне, кәсіпорынның беделіне және қонақжайлылық ұйымының бәсекеге қабілеттілігіне ықпал ететінін талқылады.

Ашық сабақ барысында кәсіби этиканың қонақжайлылық саласындағы маманның күнделікті қызметінде маңызды рөл атқаратыны атап өтілді. Әсіресе қонақтарға құрметпен қарау, сыпайылық таныту, сабыр сақтау, жауапкершілік пен толеранттылық қағидаларын ұстану сапалы сервистің негізгі көрсеткіштері ретінде қарастырылды.

Сабақ қорытындысы бойынша студенттер қонақпен тиімді қарым-қатынас орнатудың негізгі тәсілдерін меңгеріп, сервис мәдениеті мен кәсіби этиканың өзара байланысын түсінді. Сонымен қатар алған теориялық білімдерін практикалық жағдаяттарда қолдану дағдыларын жетілдірді.

Өткізілген ашық сабақ студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, коммуникациялық дағдыларын жетілдіруге және болашақ маман ретінде қонақжайлылық индустриясының этикалық талаптарын түсінуіне бағытталды.




Қонақпен қарым-қатынас
сервис мәдениеті және






Рефлексия -
“Бір сөйлеммен”